

ӘӨЖ 338.124

COVID - 19 ПАНДЕМИЯСЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТА ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУДЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Төлепов Ә.Е.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Ұлттық экономиканың дамуындағы кез-келген өзгерістер дәл қазіргі сәттегі жағдаяттарға байланысты болып келеді және міндетті түрде себеп-салдарлық қатынаста болатыны анық. Тұрақты экономикалық өсу кезінде түрлі күтілмеген жағдайлар орын алуы ықтимал. Оның бір мысалы ретінде 2020 жылы әлемді шарлаған COVID - 19 пандемиясын атап өтуге болады. Бұл күтпеген жағдай барлық әлем елдерінің экономикасына кері әсерін тигізгені белгілі. Қазақстан экономикасы да әлемдік интеграция қағидаты негізінде қызмет атқаратындықтан, біздің еліміздің экономикасына әсерін тигізбей қоймады. Шикізатқа тәуелді және өндіріске негізделген Қазақстанның экономикасы үшін бұл пандемияға төтеп беру және экономикалық дағдарысты болдырмау өте қиынға соғып отыр. Мұнай бағасының күрт құлдырауы, қатаң карантиндік шаралар мен ұлттық валютаның әлсіреуі Қазақстан үшін жаңа экономикалық проблемаларды тудырып, оны шешу жолында жаңа экономикалық даму бағыттарын қабылдау қажеттілігін туғызды.

Қазақстанда 2000 жылдардан бастап есептегенде еліміздің ЖІӨ алғаш рет төмендеуі (-2,5%) ықтимал. Салыстырмалы түрде алсақ, 2008 жылғы дағдарыста Қазақстанның ЖІӨ 1,2%-ға дейін төмендеді, бірақ көрсеткіш 1998 жылдан бастап нөлден төмен болған жоқ. Сол кезеңде Қазақстан экономикасына Азияның көшбасшы елдерінің дағдарысы мен Ресей дағдарысы (ЖІӨ -1,9%) әсер етті. Пандемия кезеңінде фитнес индустриясы (-100%), әуе тасымалы (-72%) және мейрамхана бизнесі (-80%) ең көп шығынға ұшырап отыр [1].

Коронавирус эпидемиясының алғашқы зардабын әрине қазақстандық экспорт тартып отыр. Мәселен, 2019 жылы Қытайға қазақстандық экспорт көлемі 7,8 млрд. АҚШ долларын құрады. Қытайдан импорт көлемі 6,5 млрд. болды, екі ел арасындағы жүк тасымалы тоқтаған жоқ, бірақ Қытайдағы

өндірістің тоқтауы ресурстарды тұтынудың күрт төмендеуіне әкелді. Егер өткен жылдардағы экспорт өсімімен есептесек, 2020 жылы Қазақстан Қытай нарығына 24,4%-ға артық өнім экспорттаушы еді. Сонда жылдық жалпы экспорт шамамен 9,7 млрд. долларды, ал I тоқсанда экспорт 2,3 млрд. долларды құрауы ықтимал болатын [2]. Салалық бөліністе маңыздылығы бойынша өнеркәсіп саласы бойынша екінші орында тұрған металлургия өнімдерінің қазақстандық экспорты күрт төмендеді. Саланың негізгі компаниялары – KAZ Minerals, "Қазатомөнеркәсіп" және "Қазақмыс" компанияларының қызметіне кері әсер тигізуде. Бұл компаниялардың сату көлемі төмендегендіктен Қазақстан бюджеті кірістерінің азаюы байқалады. Еліміз үшін ең үлкен экономикалық және саяси серіктес мемлекет Қытай мен қазақстандық экспорт-импорт қатынастарына теріс әсер ететін факторлар мындай: Қытай зауыттарының жабылуына байланысты жеткізілімдердің тоқтатылуы, сатып алудың нақты көлемінің төмендеуі, коронавирус әсерінің нәтижесінде жеткізілетін ресурстар бағасының жоғары құбылмалылығы және тағы басқалар. Бұл факторлар тек Қазақстан мен Қытай мемлекеттерінің арасындағы экономикалық қатынастарға емес, еліміздің барлық сауда-саттық қарым-қатынастағы серіктестері арасындағы байланыстың әлсіреуіне қатысы бар. Мұнай бағасының құбылмалылығы және карантин салдарынан Қазақстандағы іскерлік белсенділіктің тоқтауы барлық қазақстандықтарға әсер етті, ал бизнес өмір сүру үшін жаңа стратегияларды іздеуде.

Бұл жағдайлардың барлығы еліміздің экономикасының шикізатқа тәуелділігін бәсеңдетіп, экономикалық дамудың жаңа жолдарын және өзге бағыттарын қалыптастыру қажеттілігін тағы бір мәрте дәлелдеп отыр. Осы тұста Қазақстан экономикасын инновациялық бағытта трансформациялаудың маңыздылығын атап өтуге болады. Бұл ретте, COVID - 19 пандемиясы экономиканы әртараптандырудың және инновациялық экономиканы қалыптастырудың бір факторы ретінде танылады. Экономикасы инновацияға негізделген постиндустриалдық мемлекеттер дамудың жаңа көрсеткіштерін көрсетіп отырғаны белгілі. Инновациялық экономика - инновациялар ағынына, тұрақты технологиялық жетілдіруге, қосылған құны өте жоғары технологиялық өнімді өндіру мен экспорттауға және технологиялардың өздеріне негізделген экономика түрі. Бұл жағдайда пайда негізінен ғалымдар мен зерттеушілердің жаңа ғылыми зерттеулері мен әзірлемелеріне тікелей байланысты. Мұндай экономикасы бар мемлекеттерде материалдық өндіріс емес, қаржының, яғни капиталдың шоғырлануы жүзеге асырылады. Бұл жағдай өз кезегінде экономиканың мұнай және басқа да шикізаттар экспортына тәуелділігін кемітеді.

2020 жылдың 11-12 ақпанында Женевада ДДҰ ұйымдастыруымен өткізілген Жаһандық ғылыми форумда COVID - 19 пандемиясын алдын алу мақсатында әзірлемелер мен жаңа инновациялық өнімдер әзірленуі керектігі бір ауыздан қабылданды [3]. Мемлекеттік және жеке секторлар қазір осы ортақ жаһандық қауіпке қатысты бірлескен іс-қимыл жасау мақсатында басым бағыттардың бірі ретінде зерттеулер мен инновациялар жасауды жүргізудің ашық әрі үйлестірілген жаһандық процесін қолдау үшін өз іс-қимылдарын

біріктіруге тиіс. Міне, осындай жағдайда Қазақстанның әзірлемелер мен инновацияларды өндіру әлеуетін арттыру қажеттілігі туындайды.

Дағдарыс уақытында экономикалық тұрақтылықты сақтап қалу үшін ғылыми-техникалық дамуды қоса алғанда, елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін барлық стратегиялық маңызды салаларда және қызмет салаларында мемлекеттің рөлін күшейту қажет. Қазіргі таңда дағдарысқа қарамастан белсенді бюджеттік ынталандыру қажет. Сондай-ақ отандық ауыл шаруашылығы құралымдарын, қайта өңдеу кәсіпорындарын, оның ішінде шағын кәсіпкерлікті дамыту аса маңызды болып табылады. Біздің елімізге экономикалық дамудың жаңа деңгейіне шығу қажет. Біздің мемлекетіміздің макроэкономикалық саясатын қалыптастыру жаһанданудың және қаржылық тұрақсыздықтың қазіргі заманғы сын-қатерлеріне, әлемдік нарықтардағы бәсекелестіктің күшеюіне, ғылым мен инновациялар рөлінің өсуіне, адами әлеуетті дамытуға негізделуге тиіс.

Экономиканың инновациялық модернизациясы Ресейдің жоғары технологиялар мен зияткерлік қызметтердің жаһандық нарығын қалыптастыруға тиімді қатысуын қамтамасыз етеді. Қазіргі кезеңде энергоэкологиялық проблемаларды әзірлеу қажет. Осы мәселелерді шешуде маңызды орындардың бірі Ресей мен Қазақстанға тиесілі, олар айтарлықтай энергия ресурстарына, энергияны үнемдейтін технологияларды игеруге арналған зияткерлік және технологиялық артта қалған, Жаһандық интегралды макро болжау әдіснамасына ие. Инновациялық дамудың қазіргі кезеңінде стратегиялық мақсаттар табиғи-экологиялық факторларды ескере отырып, отын-энергетикалық әлеуетті пайдалану мен дамытудың сапалық жағынан неғұрлым жоғары деңгейіне негізделуі тиіс. ТМД елдерінің, ең алдымен Ресей мен Қазақстанның қарым-қатынастарында нақты іске қосылуы тиіс пәрменді институттар мен тетіктер қажет. Әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттіліктің бірлескен шарттарына қол жеткізу Қазақстан мен Ресейдің ұлттық экономикаларының инновациялық дамуының серпінді бағыттарындағы жоғары, оның ішінде нанотехнологияны жедел жинақтаумен бірге қолданыстағы өндірісті инновациялық жаңғыртуды жүзеге асыру арқылы мүмкін болады [4].

Адами капитал және ғылыми әзірлемелер саласының жеткілікті әлеуетіне қарамастан, Қазақстандағы инновациялық процестердің дамуы төмен деңгейде. Кәсіпорындардың инновациялық әзірлемелері аз, патенттік белсенділік әлсіз, ғылым бизнес пен білім беруден ажыратылған дәстүрлі модель негізінде жұмыс істеуін жалғастыруда. Инновациялық экономиканы дамытуда ұсынысты ғана емес, инновацияларға сұранысты да ынталандырып, бәсекелестік тетіктерді дамыту қажет.

Инновациялардың барлық түрлері бойынша деңгейін көтеру үшін келесі бағыттар бойынша мемлекеттік ынталандыру саясатын жүргізу қажет:

- инновациялық кәсіпорындардың өнімдеріне мемлекеттік тапсырысты орналастыру арқылы сәйкес нарық қалыптастыру;

- инновациялық кәсіпорындарға, оның ішінде шағын кәсіпорындарға өндірістік алаңдар, жеңілдікті инвестициялық қолдау көрсету, бизнес-инновациялық орталықтарды, технопарктерді, технологиялық қолдау

орталықтарын дамытуға жәрдемдесу, заңдық, қаржылық, маркетингтік, шаруашылық және өзге де қызметтерді ұсыну; зияткерлік меншікті құқықтық және коммерциялық қорғауға жәрдемдесу;

- лизингтік компаниялар желісін қалыптастыруға және кеңейтуге жәрдемдесу;

- шағын кәсіпорындардың ғылымды қажетсінетін технологиялар негізінде өнімнің жаңа түрлерін әзірлеуі және өндіруі бойынша мақсатты саясат жүргізу;

- инновациялық жобаларды сәтсіз іске асыру нәтижесінде инвесторлар салған қаражаттың жоғалу ықтималдығын азайту мақсатында оларды сақтандыруды, оның ішінде бюджеттік инвестициялар есебінен жүзеге асырған жөн;

- ірі жобаларды үлестік қаржыландыруға ғылыми-техникалық әзірлемелерге жеңілдікпен кредит беру.

Инновациялық экономикаға көшу - Қазақстанның COVID - 19 пандемиясы кезіндегі экономикалық дағдарыс уақытында және одан шығу жолындағы кезеңдегі міндетті императив болып табылады. Инновациялық белсенділікті ынталандыру және инновациялық секторды қалыптастыру жаһандану жағдайында тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін қолдау үшін де, адами капиталдың сапасын арттыруға да, сонымен қатар экономиканың өсуін шектейтін теріс факторларды азайтуға мүмкіндік беретін дамудың жаңа сатысы болмақ. Бүгінгі таңда Қазақстан экономикалық дамудың жаңа бағыттарын іздеуі керек. Елдің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жоғары технологиялық салаларды белсенді дамыту және тиімді ұлттық инновациялық жүйені құру қажет. Онсыз инновациялық экономиканы жасау мүмкін емес.

Әдебиеттер тізімі:

1. Интернет-ресурсы: <https://kapital.kz/business/88309/kak-covid-19-povliyal-na-klyuchevyye-sektora-ekonomiki-kazakhstana.html>

2. Интернет-ресурсы: <https://ekonomist.kz/bugayenko/covid-19-i-ekonomika/>

3. COVID-19-бен күресудің жаңа стратегиясы. ДДҰ-ның 14 сәуір 2020 жылы қабылдаған стратегиясы. Интернет ресурс: <https://www.who.int/docs/default-source/coronaviruse/covid19-strategy-update-2020-ru.pdf>

4. А.Т. Спицын. Интеграция на пространстве СНГ как стратегическая перспектива инновационной модернизации экономики (опыт теоретического анализа). -М.: Экономика, 2009 - 295 б.